

"KEGOC" акционерлік қоғамының акцияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1158 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 187-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. «KEGOC» акционерлік қоғамына бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығына 25999999 (жиырма бес миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) дана мөлшеріндегі жай акцияларды жазылуды жүргізу арқылы орналастыруды жүзеге асыруға рұқсат берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>К. Мәсімов</i>
-------------------------	----------------------------------	-------------------